

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Заң
Факультеті**
“Конституциялық құқық және азаматтық құқық” кафедрасы
6В04281 Халықаралық құқық бағытының білім беру бағдарламасы бойынша
2-курс, ЗХҚ-411 тобымен өткізілген тәрбие сағатының
ХАТТАМАСЫ

Түркістан қ.
26.11.2025 ж.

Қатысушылар: Аманат партиясы жанындағы "Жастар рухы" жастар қанатының өкілдері —
Мадиярұлы Еркебұлан, Ермахан Мырзабай Болатұлы және Дастан Жұлдызай. Аға тәлімгер
Медетов Алимардин, 2-курс ЗХҚ-411 топ білімгерлері.

Тәрбие сағат тақырыбы: “Әділетті Қазақстан: Инсайттан пікірсайысқа дейін”
Өтетін орны: Сот залы 432 аудитория
Уақыты: 13:30 – 14:20

Күн тәртібі:

“Әділетті Қазақстан: Инсайттан пікірсайысқа дейін”
(Short report-smart debate форматында)

Ұйымдастырушы А.Н.Нартай жиынды ашып, қатысушыларды «Әділетті Қазақстан: Инсайттан пікірсайысқа дейін» тақырыбымен және жиынның екі бөлімнен, бірінші бөлімі Short report яғни қысқаша баяндамалардан, екінші бөлімі smart debate, яғни Американдық Парламенттік форматтың құндылықты түрімен өткізілетінін баяндады. Тәрбие сағаты Сот залы – 432 аудиторияда, 13:30–14:20 уақыт аралығында өтті. Атылмыш жиын ағылшын және қазақ тілінде өткізілді. А.Нартай өз сөзінде құқықтық мемлекет құру — дамудың негізгі шарттарының бірі екенін баса айтты. Әлемдік тәжірибе заң үстемдігі сақталған жерде тұрақтылық, ашықтық, сенім және даму қалыптасатынын көрсететінін жеткізді. Сондай-ақ ол 2025–2030 жылдарға арналған жаңа тұжырымдаманың заманауи қауіпсіздік талаптарына сәйкес құқықтық реформаларды, қоғамдық тәртіпті сақтау тетіктерін жаңғыртуды және цифрлық дәуірге лайық құқықтық саясатты жетілдіруді мақсат ететінін атап өтті. Сонымен қатар, мұндай өзгерістердің ортасында жастар, интеллектуалдық капитал және жаңа буын мамандар тұрғанын, сондықтан университет қабырғасында құқықтық сауаттылық мәдениетін қалыптастырудың ерекше өзекті екенін айтты. Және де, «Әділетті Қазақстан құру идеясы – мемлекеттің стратегиялық жаңғыруының өзегі. Бұл ұғым тек саяси өзгерістерді ғана емес, қоғамның құқықтық мәдениетін, заңға құрметін, азаматтық жауапкершілігін арттыруды білдіреді» – деп атап өтті. Ол 2025–2030 жылдарға арналған **Заң мен тәртіп идеологиясын** ілгерілету тұжырымдамасын таныстырып, оның қоғам үшін маңызын түсіндірді.

Келесі кезекте білімгерлер тақырып аясындағы баяндамаларын ұсынды. Атап айтар болсақ, Студент Альмахан Анеляның баяндамасы:

Тақырыбы: «Құқықтық реформалар және қоғамның азаматтық белсенділігі»

Анеля өз сөзінде құқықтық реформалар тек мемлекеттік құрылымдардың емес, әрбір азаматтың ортақ ісіне айналуы тиіс екенін атап өтті.

Баяндама мазмұны:

1. Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың жастарға әсері;
2. азаматтардың құқықтық белсенділігі мен әлеуметтік жауапкершілігінің маңызы;
3. құқықтық мемлекет құруда волонтерлік қозғалыстардың рөлі;
4. «Әділетті Қазақстан» идеясының әлеуметтік-құқықтық мағынасы секілді маңызды бөлімдерді қамтыды. Ол «Заң бәріне ортақ. Алайда оны орындауға әр азамат жеке жауапты» деп қорытынды жасады.

2. Студент Арипжанова Малика Умиджановнаның баяндамасы

Тақырыбы: «Әділетті Қазақстан контекстіндегі әйелдер мен жастар құқығы»

Малика қоғамдағы гендерлік теңдік, жастардың білім алуы мен жұмысқа орналасу құқықтарын қозғады. Баяндамасының негізгі тезистері:

- а) құқықтық реформаларда әйелдер құқығының қорғалуы;

- b) жастар арасындағы құқықтық сауатсыздықтың салдары;
- c) отбасылық-құқықтық мәдениетті қалыптастыру;
- d) жастардың еңбек құқығын қорғаудағы жаңа тетіктер.

Ол өз сөзін: «Әділетті қоғам – құқықтары тең және әлеуметтік мүмкіндіктері әділ бөлінген қоғам» деп түйіндеді.

3. Студент Камилханова Назымның баяндамасы

Тақырыбы: «Жастардың құқықтық санасын қалыптастырудағы білімнің рөлі»

Назым университет қабырғасындағы құқықтық білім берудің сапасы туралы айтты. Баяндамада студенттердің құқықтық мәдениетке көзқарасы, білім беру мекемелерінде құқықтық тәрбие беруді күшейту жолдары, құқықтық клубтар, пікірсайыс алаңдары, тренингтер қажеттілігі, тәртіп пен заңға құрметтің жеке тұлға дамуына әсері тезистерін қамтыды.

Назым: «Білімді жас – құқық бұзбайды, құқықты қорғайды» – деп өз ойын аяқтады.

4. Студент Маратқызы Аяулымның баяндамасы

Тақырыбы: «Құқықтық нигилизм және оның жастарға әсері» Аяулым қоғамдағы құқықтық нигилизм құбылысын ғылыми тұрғыда талдады. Баяндамада келесі тезистер қамтылды:

1. заңға сенімсіздік себептері;
2. құқықтық нигилизмнің әлеуметтік қауіптері;
3. жастар арасындағы құқықтық мәдениетті төмендететін факторлар;
4. бұқаралық ақпарат құралдарының жауапкершілігі.

5. Студент Оразалы Алиманың баяндамасы

Тақырыбы: «Цифрлық дәуірдегі құқықтық қауіпсіздік» Алима өз баяндамасында ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты жаңа сын-қатерлерді жан-жақты қарастырды. Баяндама мазмұны келесі мәселелерді қамтыды:

- a) Қазақстандағы киберқауіпсіздік саясаты;
- b) жастардың интернеттегі жауапкершілік мәдениеті;
- c) жеке деректерді қорғау тетіктері;
- d) интернет алаяқтықпен күрестің құқықтық негіздері.

Ол студенттерге: «Цифрлық із – адамның екінші тұлғасы. Оны қорғау – құқықтық міндет» – деп кеңес айтты.

Іс-шараның екінші кезеңі пікірсайыс форматында өтті. Бұл бөлімде екі фракция — ADALET (үкімет позициясы) және PuLSe (оппозиция позициясы) — өз көзқарастарын ашық және тартысты түрде қорғады.

Пікірсайыс барысында қатысушылар құқықтық реформалардың тиімділігі, жастардың құқықтық мәдениетін дамыту, цифрлық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп мәселелері бойынша пікір алмасып, әртүрлі көзқарастарды жан-жақты талқылады.

Бұл пікірталас студенттердің сын тұрғысынан ойлауын дамытып, құқықтық мәселелерге қатысты ашық диалог орнатуға мүмкіндік берді.


Іс-шара жоғары деңгейде, тәрбиелік және танымдық бағытта өтті. Студенттер белсенділік танытып, құқықтық сана мен азаматтық жауапкершілік туралы терең түсінік қалыптастырды.

Төраға:



PhD, доцент м.а. М.М. Иманбекова

Хатшы:



PhD, аға оқытушы А.Н. Нартай

